

"Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамында қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 сәуірдегі N 506

"Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамының төлем жасау қабілетін қалпына келтіру мақсатында, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімін ескеріп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамына оның кредиторларының қатысуымен сыртқы басқаруды белгілеу және санация жүргізу жолымен оның төлем жасау қабілетін қалпына келтіруге бағытталған қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамының қаржы және мүлік жағдайына бағалау жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкі "Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамының мүлкін басқару функциясымен қоса, оның ішінде 51 процент мөлшеріндегі акциялар пакеті беріліп, сенімді басқарушы болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі "Целлюлоза-картон заводы" акционерлік қоғамын санациялау жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен жүргізісін. Қабылданған бизнес жоспарға сәйкес, оны кредиттеу лимитін айқындасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес "Целлюлоза картон заводы" акционерлік қоғамының мемлекеттік пакетін сату мақсатында инвесторлар тарту шараларын қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі